

 ALMATY TECHNOLOGICAL UNIVERSITY	«Алматы технологиялық университеті» АҚ	
	САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ	
	Іс-әрекет жөніндегі ереже	
	Үздік жаппай ашық онлайн курсқа арналған конкурс туралы ереже	ХС ISO 9000:2015, ХС ISO 9001:2015, ХС ISO 37001:2016, ХС ISO 27001:2022
АТУ-ЖИЦДО-ІӘЕ-7.5.1-2025-01	Енгізу күні: « 22 » 12 2025 ж.	



БЕКІТЕМІН
АҚ ректоры
Т.К. Кұлажанов
2025 ж.

Іс-әрекет жөніндегі ереже
САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ
*Үздік жаппай ашық онлайн курсқа арналған конкурс
туралы ереже*
АТУ-ЖИЦДО-ІӘЕ-7.5.1-2025-01

КЕЛІСІЛГЕН
Бірінші проректор
Б.Қ. Нұрахметов
« 19 » 12 2025 ж.

Алматы, 2025

Нұсқа: 4.0	БН: 74	Documentolog 7 бойынша тіркеу № 0217405
------------	--------	---

АЛҒЫ СӨЗ

Негізгі Ережені «АТУ» АҚ жасанды интеллект және цифрлық даму орталығы әзірледі.

Негізгі Ереженің бастапқы парағында Ректор қол қою арқылы бекітіледі және қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Негізгі Ереже «АТУ» АҚ оқытушылары мен қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

Негізгі Ереже АТУ-СЖАБ-ҚР-7.5-2023-02 ҚР-ге сәйкес әзірленді.

Негізгі Ережені АТУ-СЖАБ-ҚР-7.5-2023-02 ҚР-ге сәйкес ЖИЦДО директоры 3 жылдан аспайтын уақыт аралығымен ұдайы тексеріп отырады.

Негізгі Ережеге енгізілетін өзгерістер оны қолдану нәтижелеріне қарай немесе осы ереженің 4-тармағында көрсетілген талаптар өзгертілген жағдайда әзірленеді.

2022 жылдың 23 тамызында бекітілген АТУ-ИББТО-ІТЕ-7.5.1-2022-01 «Үздік электрондық курс конкурсы туралы ереже» күші жойылды деп есептелсін.

Мазмұны

Алғы сөз.....	2
1 Құжаттың атауы.....	4
2 Әзірлеуші.....	4
3 Құжатты әзірлеудің мақсаты	4
4 Нормативтік сілтемелер.....	4
5 Терминдер мен анықтамалар.....	5
6 Қолданылған қысқартулар мен белгілер.....	6
7 Жалпы ережелер	7
8 Конкурсқа қатысушылар	8
9 Конкурсты өткізу тәртібі.....	8
10 ЖАОК-қа қойылатын талаптар.....	9
11 Бағалау критерийлері.....	9
12 Конкурс қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау.....	9
13 Жауапкершілік пен өкілеттіктер.....	10
14 Үдеріспен байланысты тәуекелдер және тәуекелдердің алдын алу жөніндегі іс-шаралар.....	11
15 Құпиялылық.....	11
16 Қорытынды бөлім.....	11
Қосымша.....	12
Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-01-01 Ілеспе хат.....	12
Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-01-02 ЖАОК форматы.....	13
Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-01-03 Бағалау парағы.....	15
17 Келісім парағы	16
18 Танысу парағы	16
19 Өзгертулерді тіркеу парағы	17
20 Мерзімді тексерулерді есепке алу парағы	17

1 ҚҰЖАТТЫҢ АТАУЫ

1.1 Үздік жаппай ашық онлайн курсқа арналған конкурс туралы ереже АТУ-ЖИЦДО-ІӘЕ-7.5.1-2025-01.

2 ӘЗІРЛЕУШІ

2.1 Жасанды интеллект және цифрлық даму орталығы «АТУ» АҚ.

3 ҚҰЖАТТЫ ӘЗІРЛЕУДІҢ МАҚСАТЫ

3.1 Оқу үдерісін ұйымдастырудың бейімделмелі әдістерін, оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін енгізу арқылы оқытудың әдістемелік деңгейін арттыру, оқу үдерісін дараландыру.

3.2 ПОҚ-ның ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру деңгейін арттыру.

3.3 Оқу үдерісіне қатысушылардың барлығына арналған коммуникация құралдарын қоса алғанда, инновациялық, цифрлық және қашықтан оқыту технологияларын белсенді пайдаланатын «АТУ» АҚ оқытушыларын қолдау.

3.4 Оқытушылардың шығармашылық әлеуетін жандандыру, жаппай ашық онлайн курстарды (ЖАОК) әзірлеу және қолданумен байланысты қызметті бағалау мен ынталандыру тетіктерін жетілдіру.

3.5 Оқыту сапасын арттыру құралы ретінде цифрлық технологияларды қолданудың озық тәжірибесін тарату.

4 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

4.1 ХС ISO 9001:2015 «Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар»;

4.2 ХС ISO 9000:2015 Сапа менеджменті жүйесі. Негіздер және сөздік;

4.3 ХС ISO 37001:2016 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару жүйесі;

4.4 ISO 27001:2022 «Ақпараттық қауіпсіздік, киберқауіпсіздік және жеке деректерді қорғау - Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйелері - Талаптар».

4.5 Жасанды интеллектті дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысы.

4.6 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде жасанды интеллектті қолдануға арналған жоғары оқу орындары аралық стандарт;

4.7 UNESCO. AI and Education: Guidance for Policy-makers. Paris: UNESCO, 2021;

4.8 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы. (16.09.2025 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен);

4.9 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек кодексі (16.09.2025 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен);

4.10 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы (31.08.2025 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен);

4.11 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы «Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (21.05.2024 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен);

4.12 Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі әзірлеген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларына жаппай ашық онлайн курстарды пайдалану және енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар;

4.13 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 28916 болып тіркелген);

4.14 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (26.03.2025 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен);

4.15 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 322 бірлескен бұйрығы. 2023 жылғы 27 қазанда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 33580 болып тіркелген «Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы»;

4.16 Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ «Құқықтық актілер туралы» (31.08.2025 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен);

4.17 2023 жылғы 25 қыркүйектегі №12 Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген сапа саласындағы саясат.

4.18 26.01.2022 жылғы «АТУ» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – әрекет саясаты;

4.19 АТУ-СЖАБ-ҚР-5.2-2022-06 «Ақпараттық қауіпсіздік саясаты»;

4.20 «Құжатталған ақпарат» құжатталған процедура АТУ-СЖАБ-ҚР-7.5-2023-02;

4.21 «Құжаттандыру және құжаттаманы басқару ережелері» АТУ-К-ІЖЕ-7.5.1-2024-01;

4.22 «Тәуекелдерді басқару» құжатталған рәсімі АТУ-СЖАБ-ҚР-6.1-2024-10;

4.23 «Алматы технологиялық университеті» АҚ жарғысы;

4.24 Ішкі еңбек тәртібі ережелері АТУ-СЖАБ-ҚР-7.1.2-2022-01-02;

4.25 Ректордың бұйрықтары мен өкімдері;

4.26 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау» сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің құжатталған рәсімі АТУ-ҚҚЕЖСЖҚІБ-ҚР-4.5-2025-05;

4.27 2019 жылғы 30 қыркүйектегі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін цифрлық ұрпаққа бейімдеу тұжырымдамасы;

4.28 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім сапасын ішкі қамтамасыз етуге арналған стандарттарға нұсқаулық АТУ-СЖАБ-НС-5.3-2024-29.

5 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Термин	Анықтама
Ақпараттық ресурстар	Ақпарат көздері мен тұтынушылары арасында идеяларды, білімді, деректерді, оларды жинақтау, сақтау және алмасу әдістері мен құралдарын қамтитын формалданған жиынтық.
Аралас оқыту	Оқыту түрі, дәстүрлі оқу формасы мен аралас оқыту технологияларын қолдану арқылы өткізіледі.
Білім алушылар	Бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша оқитын тұлғалар.
Білім беру аналитикасы (Learning Analytics)	Оқытуды жақсарту және шешім қабылдауды қолдау үшін оқушылар мен оқу ортасы туралы деректерді жинау, талдау және интерпретациялау процесі.
Жаппай ашық онлайн курс (Massive Open Online Course, MOOC)	Интернет арқылы ашық қолжетімділікпен және жаппай интерактивті қатысумен жүзеге асырылатын, электрондық оқыту технологияларын қолданатын білім беру курсы.

«Үздік жаппай ашық онлайн курсқа арналған конкурс туралы ереже» АТУ-ЖИЦДО-ІӘЕ-7.5.1-2025-01

Жасанды интеллектті қолданудың этикасы және қауіпсіздігі	Жасанды интеллектті білім беру саласында қолдану кезінде оқушылар мен қызметкерлердің құқықтарын қорғауды, ашықтықты, жауапкершілікті және кемсітушіліктің алдын алуды қамтамасыз етуге бағытталған қағидалар мен нормалар жиынтығы.
Инновациялық технологиялар	Білім беру және ғылыми процестерде жаңалықтарды жүзеге асыру мен енгізуді қамтамасыз ететін әдістер мен құралдар жиынтығы.
Құжатталған ақпарат	Ұйым басқаруы және қолдауы тиіс ақпарат және ол қамтылған орта.
Қашықтықтан оқыту	Оқу процесі қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып жүзеге асырылатын, оқушылардың белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуін және оларды растауын қамтамасыз ететін жүйе.
Құрылымдық бөлімше	Ұйымдастыру жағынан – заңды тұлғаның бөлінген бөлігі және осы бөлікке байланысты қызметкерлердің еңбек міндеттерін орындау үшін белгіленген шеңбердегі жауапкершіліктерді орындауға жауап береді.
Мамандық	Белгілі бір дағдыны меңгеруге көмектесетін курстар сериясы.
Оқыту нәтижелері	Білім алушының оқу бағдарламасын игеру нәтижесінде көрсететін білім көлемі, дағдылары, шеберлігі, құндылықтар мен қарым-қатынастардың қалыптасуын растайтын процесс.
Сыбайлас жемқорлық тәуекелі	Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайлардың пайда болу ықтималдығы.
Сапа менеджменті жүйесі	Сапаға бағытталған менеджмент жүйесінің бір бөлігі.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі	ISO 37001:2016 халықаралық стандарты.
Сертификат	Жаппай ашық онлайн курсты сәтті аяқтағаны туралы құжат.
Сараптама	Мазмұнды және әдістемелік-технологиялық сараптаманың кешенді бағасы.
Тыңдаушы	Материалды қашықтықтан оқып жатқан физикалық тұлға.

6 ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

Қысқарту	Толық атауы
«АТУ» АҚ	«Алматы технологиялық университеті» акционерлік қоғамы
АТУ-СжАБ-ҚР-7.5-2023-02	Құжатталған процедура «Құжатталған ақпарат»

«Үздік жаппай ашық онлайн курсқа арналған конкурс туралы ереже» АТУ-ЖИЦДО-ІӘЕ-7.5.1-2025-01

АТУ-ҚҚЕжСЖҚІБ-ҚР-4.5-2025-05	«Алматы технологиялық университеті» акционерлік қоғамының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау» құжатталған рәсімі
АТУ-СжаБ-ҚР-6.1-2024-10	«Тәуекелдерді басқару» құжатталған рәсім
АТУ-СжаБ-ҚР-5.2-2022-06	«Ақпараттық қауіпсіздік саясаты» құжатталған рәсім
АТУ-К-ІЖЕ-7.5.1-2024-01	«Құжаттандыру және құжаттаманы басқару ережелері»
АТУ-СжаБ-ҚР-7.1.2-2022-01-02	«Ішкі еңбек тәртібі» ережелері
АТУ-СжаБ-НС-5.3-2024-29	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім сапасын ішкі қамтамасыз етуге арналған стандарттарға нұсқаулық
АжСБ	Аккредиттеу және сапаны басқару
АҚБЖ	Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі
ӘК	Әдістемелік кеңес
БСББ	Білім сапасын басқару бөлімі
ЖАОК	Жаппай ашық онлайн курстар
ЖИТДБ	Жасанды интеллект технологияларын дамыту бөлімі
ЖИЦДО	Жасанды интеллект және цифрлық даму орталығы
ҚО	Қашықтықтан оқыту
ҚР	Құжатталған рәсім
ҚР ҒжЖБМ	Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі
ҚБЕ	Құрылымдық бөлімшенің ережесі
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚБ	Құрылымдық бөлім
ҚҚЕжСЖҚІБ	Құқықтық қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл басқармасы
ҚО	Құзыреттілік орталығы
Осы ереже	«Үздік жаппай ашық онлайн курсқа арналған конкурс туралы ереже» АТУ-ЖИЦДО-ІӘЕ-7.5.1-2025-01
ОӘБ	Оқу-әдістемелік басқару
ПОҚ	Профессор-оқытушылар құрамы
ПББ	Персоналды басқару бөлімі
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
СЖҚМЖ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі
СҚКО	Студенттерге қызмет көрсету орталығы
ЦДБ	Цифрлық даму бөлімі
ЦББР	Цифрлық білім беру ресурсы
ISO	Халықаралық стандарттау ұйымы

7 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1 Конкурс «АТУ» АҚ профессор-оқытушылар құрамы (ПОҚ) арасында өткізіледі және жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыру шеңберінде «АТУ» АҚ-да оқу үдерісін сапалы цифрлық қолдауды қамтамасыз етуге ПОҚ-ын ынталандыруға, сондай-ақ оқу үдерісінде қашықтан оқытуды (ҚО) қолдану саласындағы кәсібилік деңгейін арттыруға бағытталған.

8 КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

8.1 Конкурсқа «АТУ» АҚ профессор-оқытушылар құрамы (ПОҚ) қатарындағы, бір немесе бірнеше жаппай ашық онлайн курстардың (ЖАОК) авторлары болып табылатын қызметкерлер қатыса алады.

8.2 Жаппай ашық онлайн курстар (ЖАОК) қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде ұсынылуы мүмкін.

9 КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

9.1 Конкурс жылына бір рет — күзгі немесе көктемгі семестрдің қорытындысы бойынша өткізіледі.

9.2 Конкурсты өткізу мерзімдері және Конкурс комиссиясының құрамы ректордың бұйрығымен айқындалады. Конкурс туралы ақпарат «АТУ» АҚ-ның <https://atu.edu.kz/> және ЖИЦДО-ның <https://skills.atu.kz/course/view.php?id=27> ресми сайттарында «Жаңалықтар» бөлімінде өтінімдерді қабылдау басталғанға дейін кемінде 10 жұмыс күні бұрын орналастырылады.

9.3 Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдауды ЦДБ жүзеге асырады.

9.4 Конкурс комиссиясының төрағасы Конкурсты өткізу үшін қажетті құжатталған ақпаратты ОӘБ, ЖИЦДО, сондай-ақ «АТУ» АҚ-ның оқу бөлімшелерінен сұратуға құқылы.

9.5 Конкурс үш кезеңде өткізіледі:

9.5.1 Бірінші кезеңде кафедра конкурсқа кафедраның ПОҚ-ы ұсынған жаппай ашық онлайн курстарды (ЖАОК) қарайды. Дауыс беру нәтижесі бойынша іріктелген үш ЖАОК-қа дейін кафедра факультеттің Сараптамалық комиссиясына ұсынады. Ұсынылған ЖАОК-тарға уәжделген шешімі көрсетілген кафедра отырысы хаттамасынан үзінді қоса беріледі.

9.5.2 Екінші кезеңде деканның өкімімен құрылған факультеттің Сараптамалық комиссиясы іріктеу жүргізіп, ең үздік екі жаппай ашық онлайн курсты (ЖАОК) «АТУ» АҚ-ның Конкурс комиссиясына ұсынады. Ұсынылған ЖАОК-тарға уәжделген шешімі көрсетілген факультеттің Сараптамалық комиссиясы отырысы хаттамасынан үзінді қоса беріледі.

9.5.3 Үшінші, қорытынды кезеңде ректордың бұйрығымен бекітілген Конкурс комиссиясы конкурсқа қатысуға берілген өтінімдерді ұсынылған құжаттардың толықтығы мен дұрыс рәсімделуін ескере отырып талдайды, конкурсқа ұсынылған жаппай ашық онлайн курстарды (ЖАОК) пайдалану сапасы мен тиімділігін бағалайды және белгіленген критерийлерге сәйкес «АТУ» АҚ профессор-оқытушылар құрамы (ПОҚ) арасынан Конкурс жеңімпаздарын айқындайды.

9.6 Конкурсқа қатысушы ЦДБ арқылы Google формасы көмегімен өтінімді ЖИЦДО сайтының <https://skills.atu.kz/course/view.php?id=27#section-14> бөлімінде орналастырылған сілтеме арқылы толтырады.

9.7 Конкурсқа қатысу үшін курс авторлары кафедраның Конкурс комиссиясына **Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-01-01** нысаны бойынша ілеспе хат ұсынады.

9.8 Дауыс беру нәтижелері бойынша іріктелген жаппай ашық онлайн курстар (ЖАОК) авторларынан **Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-01-01** нысаны бойынша ілеспе хаттарымен және уәжделген шешімі көрсетілген кафедра отырысы хаттамасынан үзіндімен бірге келесі кезеңнен өту үшін факультетке жолданады.

9.9 Ректордың бұйрығымен белгіленген өтінімдерді қабылдау мерзімінен кешігіп түскен, сондай-ақ ресімдеу талаптары бұзылып дайындалған конкурстық өтінімдер қарауға қабылданбайды. Ұсынылған конкурстық өтінімдер конкурсқа қатысушыларға қайтарылмайды.

9.10 Егер олардың авторы (авторлары) бұрын осы Конкурстың жеңімпазы (жүлдегері) болған жағдайда, конкурсқа бұған дейін ұсынылған жаппай ашық онлайн курстарды (ЖАОК) қайта ұсынуға жол берілмейді.

9.11 Өтініш берушілер өздері ұсынған құжатталған ақпараттың жалған екендігі анықталған жағдайда Конкурсқа қатысудан шеттетілуі мүмкін.

9.12 Конкурс нәтижелері хаттамамен рәсімделеді.

10 ЖАОК-қа қойылатын талаптар

10.1 Жаппай ашық онлайн курс (ЖАОК) апробациядан өткен және кемінде екі білім алушылар/тыңдаушылар легінің оқу нәтижелеріне ие болуы тиіс.

10.2 Жаппай ашық онлайн курс (ЖАОК) әзірлеушінің (әзірлеушілердің) аты-жөні, атауы және қысқаша аннотациясын қамтуы тиіс.

10.3 Мәтіндік блоктар оқуға ыңғайлы болуы, ал бейнелер мен дыбыс анық, кедергісіз әрі сапалы болуы тиіс.

10.4 Курстың жұмыс оқу бағдарламасының, промо-бейнероликтің, глоссарийдің, форумның немесе чаттың болуы міндетті.

10.5 Жаппай ашық онлайн курсты (ЖАОК) немесе оның жекелеген блоктарын меңгеру деңгейін бағалау нәтижелері тіркелуі тиіс.

10.6 Жаппай ашық онлайн курстың (ЖАОК) мазмұны авторлық болуы, ғылыми дәйексөз келтірудің негізгі қағидалары мен этикасын сақтауы, өзекті болуы және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуі тиіс.

10.7 Мазмұн мен құрылымның үлгілік форматы **Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-01-02** нысанында ұсынылған.

11 БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

11.1 Жаппай ашық онлайн курстың (ЖАОК) жаңашылдығы мен өзектілігін негіздеу, курсты екі немесе үш тілде іске асыру мүмкіндігі, практикалық бағытталған курс болуы.

11.2 Конкурстық өтінім тақырыбы бойынша қолда бар база (факультеттегі оқу үдерісі немесе ғылыми зертханада апробациядан өткен курс, цифрлық форматтағы оқу-әдістемелік материалдардың болуы).

11.3 Автордың (авторлардың) осыған ұқсас жобаларға қатысу тәжірибесінің болуы (мысалы, ЖАОК әзірлеу, вебинарларды қоса алғанда бейнедәрістер жазу, онлайн курстарға арналған модульдер/тақырыптар әзірлеу).

11.4 Материалдың логикалық тұрғыда және бірізді құрылымдалған түрде ұсынылуы.

11.5 Білімді бақылау кесінділерінің әртүрлі әдістерін қолдану (тест тапсырмалары; жауаптарды автоматты тексерумен тапсырмалар жиынтығынан тұратын есеп; өзара бағалау арқылы орындалатын тапсырма; орындалу барысын бақылаумен тапсырма; автоматты тексерумен бірлесіп орындалатын тапсырма; өзара бағалау арқылы бірлесіп орындалатын тапсырма және т.б.).

11.6 Контенттің медиалық қанықтылығы (бейне, анимация, декорацияның ауысуы және т.б.).

11.7 Оқытудың әртүрлі құралдарын үйлестіру (бейне дәрістер, мәтін, тапсырмалар, тесттер). Тапсырмалардың түсінікті тұжырымдалуы және онлайн форматқа (автоматты бағалауға) бейімделуі.

12 КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

12.1 Конкурс жеңімпаздарын «АТУ» АҚ-ның Конкурс комиссиясы айқындайды.

12.2 Конкурс комиссиясы **Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-01-03** нысанындағы Бағалау парағына сәйкес сарапшылардың рейтингтік бағаларының жиынтығы негізінде Конкурс жеңімпаздарын анықтайды.

12.3 Ең жоғары балл жинаған Конкурс қатысушысы жеңімпаз деп танылады.

12.4 Конкурс қорытындылары туралы ақпарат, оның ішінде жеңімпаздарды марапаттау рәсімінің өткізілу уақыты мен орны туралы мәліметтер «АТУ» АҚ-ның және ЖИЦДО-ның сайттарында жарияланады.

12.5 Конкурс жеңімпаздары алғыс хаттармен немесе ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

12.6 Конкурс қорытындылары бойынша жүлдегерлер мен номинанттарды материалдық ынталандыру көзделеді, оның мөлшері «АТУ» АҚ ректорының бұйрығымен айқындалады.

13 ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ӨКІЛЕТТІКТЕР

Бөлімше	Өкілеттіктер
Бірінші проректор	<ul style="list-style-type: none"> • осы ереже шеңберінде қызметті үйлестіру; • Сараптамалық комиссияның құрамын және конкурс кезеңдерінің мерзімдерін бекіту.
ЖИЦДО директоры	<ul style="list-style-type: none"> • осы Ережені өзектендіру; • ЖИЦДО СМЖ-сының құжатталған ақпараттарының бақылау даналарын тіркеу, мүдделі тұлғалар мен құрылымдық бөлімшелерді хабардар ету, құжатталған ақпаратты архивтеу; • Конкурстың нақты кезеңдерін орындау бойынша қызметті ұйымдастыру және үйлестіру; • Конкурсқа қатысты құжатталған ақпараттың бекітілген нысандарға сәйкестігін тексеру; • Конкурс бойынша мүдделі тұлғаларға кеңес беру; • Конкурсқа қатысуға өтінімдерді келесі нысандар бойынша қабылдау: Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-01-01; Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-01-02; Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-01-03.
Конкурс комиссиясының төрағасы	<ul style="list-style-type: none"> • осы Ереженің тек өзектендірілген нұсқасын қолдану; • Конкурс комиссиясының жұмысын ұйымдастыру; • Конкурс қорытындыларын шығару, хаттаманы рәсімдеу; • Конкурс жеңімпаздарын марапаттау үшін «АТУ» АҚ ректорына конкурс нәтижелерін ұсыну.
Факультет декандары	<ul style="list-style-type: none"> • осы Ереженің тек өзектендірілген нұсқасын қолдану; • факультет кафедра меңгерушілерін және профессор-оқытушылар құрамын (ПОҚ) ЖАОК конкурсы туралы хабардар етуді ұйымдастыру; • кафедралар тарапынан конкурстық құжаттарды тапсыру мерзімдерінің сақталуын белгілеу және бақылау; • ректордың бұйрығымен белгіленген мерзімдерде факультеттің Сараптамалық комиссиясының құрамын бекіту және оның жұмысын ұйымдастыру; • факультеттің Сараптамалық комиссиясы отырысы хаттамасынан үзіндіні және конкурстың екінші кезеңі жеңімпаздарының құжаттарын «АТУ» АҚ-ның Конкурс комиссиясына уақтылы жолдау.
Кафедра меңгерушілері	<ul style="list-style-type: none"> • осы Ереженің тек өзектендірілген нұсқасын қолдану; • кафедраның профессор-оқытушылар құрамын (ПОҚ) ЖАОК конкурсы туралы хабардар ету; • кафедраның профессор-оқытушылар құрамы тарапынан конкурстық құжаттарды уақтылы тапсыруды ұйымдастыру және конкурстың бірінші кезеңінің жеңімпаздарын айқындау; • конкурстың бірінші кезеңі жеңімпаздарының құжаттары мен кафедра отырысы хаттамасынан үзіндіні факультеттің Сараптамалық комиссиясына уақтылы жолдау.

ПОҚ	<ul style="list-style-type: none"> • осы Ереженің тек өзектендірілген нұсқасын қолдану; • осы Ереженің талаптарын орындау; • белгіленген мерзімдерде ЖИЦДО-ға келесі нысандар бойынша құжаттарды ұсыну: Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-01-01; Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-01-02; Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-01-03; • басқа тұлғалардың зияткерлік меншік құқықтарын бұзатын ЖАОК материалдарын пайдаланбау, авторлық құқықтарды сақтау.
------------	---

14 ҮДЕРІСПЕН БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

14.1 төмендегімен байланысты тәуекелдер:	14.2 тәуекелдердің алдын алу бойынша іс-шаралар:
<ul style="list-style-type: none"> • құжатталған ақпараттың ішкі және сыртқы алмасу арналарының тиімсіз жұмыс істеуіне, коммуникацияның жеткіліксіз болуына байланысты; • құжатталған ақпаратты ұсыну мерзімдерінің бұзылуына байланысты; • ұсынылған ақпараттың талаптарға сәйкес келмеуіне байланысты; • Конкурс комиссиясы мүшелерінің сыбайлас жемқорлық мүдделеріне байланысты. 	<ul style="list-style-type: none"> • мүдделі тұлғаларға уақтылы тарату, қолжетімділікті қамтамасыз ету, өзгерістерді бақылау, құпиялылықты сақтау, бекітілген құжатталған ақпараттың электрондық нұсқаларын тек PDF форматында сайтта және ақпараттық стендтерде орналастыру; • Конкурс туралы ақпаратты өтінімдерді қабылдау басталғанға дейін кемінде 10 жұмыс күні бұрын «АТУ» АҚ-ның https://atu.edu.kz/ және ЖИЦДО-ның https://skills.atu.kz/course/view.php?id=27 сайттарындағы «Жаңалықтар» бөлімінде орналастыру; • Конкурсқа ұсынылатын құжаттардың осы Ережеде көрсетілген талаптарға сәйкестігін құрылымдық бөлімшелер мен Комиссиялар басшылары тарапынан тексеру; • «АТУ» АҚ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын қатаң сақтау.

15 ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

15.1 Осы Ереже «АТУ» АҚ-ның ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сертификаттау аудитін жүргізу кезінде сертификаттау органдарының сарапшыларына, сондай-ақ «АТУ» АҚ ректорының рұқсатымен көзделген өзге жағдайларды қоспағанда, басқа тараптарға ұсынуға жатпайды.

16 ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

16.1 Осы Ережеге өзгерістер енгізу, толықтыру немесе күшін жою туралы шешімді «АТУ» АҚ ректоры қабылдайды.

ҚОСЫМША

Ү.ЖИЦДО-7.5.1-2025-01-01

ІЛЕСПЕ ХАТ

1. Факультет:
2. Кафедра:
3. Курс атауы:
4. Автор(лар) туралы ақпарат:
5. Курстың қысқаша аннотациясы:
6. Курсқа қол жеткізу сілтемесі:

Ескерту: оқу үдерісіне енгізу туралы Актіні, сондай-ақ ЖИЦДО-ның ЖАОК-тың білім беру платформасында орналастырылғаны туралы анықтамасын қоса тіркеу қажет.

« ____ » _____ 20 ____ г.

Кафедра меңгерушісі (қысқ.) _____ Т.А.Ә.

ЖАОК әзірлеу жөніндегі автор _____ Т.А.Ә.

ЖАОК ФОРМАТЫ

1. Курстың жалпы сипаттамасы мыналарды қамтуы тиіс:

- Курс атауы;
- Оқу ұзақтығы (апталар саны);
- Курс авторлары (лауазымы, ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні, «АТУ» АҚ логотипі бар автордың фотосуреті);
- Курстың қысқаша аннотациясы (курстың негізгі мазмұны 1–2 сөйлеммен, 300 таңбаға дейін);
- Курстың толық аннотациясы (курсты меңгеру нәтижесінде білім алушы иеленетін білім, білік және дағдылардың сипаттамасы);
- Курстың басты иллюстрациясы;
- Промо-бейнеролик (ұзақтығы 3 минутқа дейін курстың ең қызықты және көрнекі сәттерін көрсететін материалдардың көрсетілімі).

2. Техникалық сипаттамалар:

- Бейне дәрістердің ұзақтығы 15 минуттан аспауы тиіс;
- Бақылау-өлшеу материалдарында электрондық курсты меңгерудің қорытынды бағасын есептеу алгоритмі болуы, әрбір бөлім (апта) бақылау элементімен аяқталуы тиіс;
- Бейне дәрістерге қосымша ретінде мәтіндік материалдардың болуы міндетті;
- Бейнематериалдар: контейнер — mp4, кодек — H.264, ажыратымдылығы кемінде 1280×720, кадр өлшемдерінің арақатынасы — 16:9, экран алаңы толық толтырылуы тиіс, пайдаланылмайтын аймақтарды қолдануға жол берілмейді;
- Аудио: кодектер — AAC, AC3, OGG, mp3;
- Дыбыс жолы нақты стерео режимінде болуы тиіс, онда оқытушының дауысы сол және оң арналардың дәл ортасында локализациялануы қажет.

3. Құрылымдық талаптар

Негізгі мазмұн материалдарынан бөлек, ЖАОК әзірлеу кезінде келесілерге назар аудару қажет:

- Промо-бейнеролик курстың ең қызықты және көрнекі сәттерін көрсететін материалдарды көрсетуі тиіс;
- Курс форматының сипаттамасында жоспарланған белсенділіктер мен бақылау нысандарымен байланыстырылған, курстың құрылымы мен өту тәртібі сипатталған, оқу технологиялары мен оқу нәтижелері көрсетілген апталық оқу жүктемесі қамтылуы тиіс;
- Әрбір бөлімде білім алушылар арасындағы өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін кемінде бір компонент (оқу үдерісін модерациялау, чаттар және форумдар) болуы тиіс;
- Аудио және бейнематериалдарды міндетті түрде пайдалану, фотоматериалдарды, суреттелген, анимациялық материалдарды, пиктограммалар мен инфографиканы белсенді қолдану ұсынылады;
- Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану;
- Дәйексөз келтіруге (бейне, дыбыс, графика, мәтін) автордың шығармашылық ниетін ашу мақсатында немесе иллюстрация ретінде ғана жол беріледі және оның көлемі

курстың жалпы көлемінің 5%-ынан аспауы тиіс;

- Курсқа енгізілген сыртқы ресурспен жұмыс барысында білім алушы жоспарланған оқу нәтижелеріне қатысы жоқ бөгде ақпаратты көрмеуі тиіс.
- Курсқа енгізілген сыртқы ресурспен жұмыс барысында білім алушы жоспарланған оқу нәтижелеріне қатысы жоқ бөгде ақпаратты көрмеуі тиіс.

БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

««АТУ» АҚ-ның үздік жаппай ашық онлайн курсы – 20__» конкурсы

№	ЖАОК атауы	Курс авторы	Курсқа сілтеме	ЖАОК материалдарының толық жүктелуі	Мәтіндік материалдардың болуы және рәсімделу сапасы	Бейне дәрістердің болуы және рәсімделу сапасы	Цифрлық білім беру ресурстарының болуы және сапасы	Тыңдаушылардан алынған кері байланысты пайдалану	Тест тапсырмаларының болуы және сапасы	Жалпы әсер (бірнеше жолмен жазуға болады)	Барлық көрсеткіштер бойынша баллдардың жиынтығы
				1	2	3	4	5	6	7	8
1											
2											
3											
4											
5											
6											

Сарапшының аты-жөні _____ «___» _____ 20__ ж.

ҚОЛЫ

Ескерту: ЖАОК 1-ден 10-ға дейінгі критерийлер бойынша бағаланады.

1 — өте нашар

10 — өте жақсы

